

Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 маусым 1993 ж. N 448

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігін (Елшілігін) ашу туралы" 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1058 U931058_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі таратылсын.
2. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының таратылған Өкілетті өкілдігінің қызметкерлерін босату қолданылып жүрген заңға сәйкес жүргізілсін.
3. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 2 сәуірдегі N 830 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы Ережені және Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы келісімдерге сәйкес берілген өкілеттіліктерді басшылыққа алып отырады деп белгіленсін.
4. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) дипломатиялық қызметкерлерінің штаттық саны (әкімшілік-техникалық және қосымша құрам қызметкерлерін есептемегенде) 34 адам болып бекітілсін.
5. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) құрамында құрылымдық бөлімше көзделсін, оның негізгі функциялары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласының Үкіметі арасында үкіметаралық сауда келісімдері мен шарттарды, салалық екіжақты келісімдерді іске асыруды бақылау, Ресей Федерациясының министрліктерімен, ведомстволарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және кәсіпорындарымен, Мәскеу қаласының Үкіметімен және облыстық әкімшіліктерімен тұрақты байланысты жүзеге асыру, үкіметаралық және салалық экономикалық келісімдер мен шарттарды орындау ісінде ТМД мемлекеттерімен экономикалық байланыстарды және тікелей байланыстарды одан әрі кеңейту жөнінде барынша көмек көрсету болып табылады.
6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігіне (Елшілігінде) шифрлық қызметті ұйымдастыру ұсынылсын.
7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігін (Елшілігін) қалалық телефон желісінен бөлек байланыс жасайтын автоматтық байланыстың қазіргі түрлерімен қамтамасыз

етсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігін (Елшілігін) байланыстың қазіргі түрлерімен және жабдықпен автоматтандыруға, компьютерлендіруге және жарақтандыруға қажетті қаржы бөлсін.

8. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) үшін Елшілік дипломаттары пайдаланатын 20 қызметтік жеңіл автомобиль, оның ішінде еңбекақы қорынсыз 5 автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ГАЗ 31-29 (немесе сондай) 7 автомобиль, 2 РАФ шағын автобус (шетелдік үлгідегі), 5 ВАЗ-2107 (дипломатиялық құрам үшін) алуға қаржы бөлсін.

Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігіне (Елшілігіне) қарамағындағы (пайдалануда болған) автомобильдерді нарықтық бағамен сатуға, түскен соманы жабдық пен мүкәммал алу үшін Елшіліктің есебіне аударуға, сондай-ақ жекелеген жағдайларда мемлекеттік басқару органдарына баланстан балансқа беруіне рұқсат етілсін.

9. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, Мәскеу қаласына келетін немесе Мәскеу қаласы арқылы басқа таяу және алыс шетелдерге баратын үкімет делегацияларына, Үкімет мүшелеріне, Жоғарғы Кеңес депутаттарына және басқа ресми адамдарға қызмет көрсету үшін Елшіліктің автомобиль паркін пайдалану тәртібін белгілесін.

10. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілінің (Елшісінің) лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының жалақысы деңгейінде белгіленсін.

11. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшісінің лауазымдық жалақысына қарай белгіленсін. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) қызметкерлеріне жылдық төрт лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйлық беріліп, жылдық екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек көрсетілетін болсын.

Мәскеу қаласында күнкөріс деңгейінің жоғары болуына байланысты Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігіне (Елшілігіне) Қаржы министрлігінің келісуі бойынша Елшіліктің барлық санаттағы қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына индекстеуге жататын қосымшаақы белгілеуіне рұқсат етілсін.

12. Шығыс сметасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлеріне көзделген ақы төлеу шарттары негізінде Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің)

қызметкерлеріне Ресей Федерациясының мемлекеттік басқару органдарының демалыс үйлерінде саяжайды жалға алу, оларды емдеуге және сауықтыру мақсатына арналған шығындардың бабы көзделетін болсын.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы өкілетті өкілдігіне Ресей Федерациясы Президенті Аппаратының медицина орталығымен Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) басшы қызметкерлеріне, ал Мәскеу қаласының атқарушы өкімет қызметкерлеріне қызмет көрсететін медицина мекемелерімен оның басқа қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасуға рұқсат етілсін.

13. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі дипломатиялық құрамға (жекешелендірмей) және әкімшілік-техникалық қызметкерлер үшін Мәскеу қаласында тұрғын үй сатып алуға, оның ішінде 1993 жылы 400 шаршы метр тұрғын алаң сатып алуға арнап, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігіне (Елшілігіне) қаржы бөлуді көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігі (Елшілігі) сатып алынған тұрғын алаңды (дипломатиялық қызметкерлер үшін ведомстволық тұрғын үй ретінде, басқа қызметкерлер үшін - Мәскеу қаласына арналып қолданылып жүрген ереже негізінде) пайдалану тәртібін анықтасын.

14. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) қарауында ұйымы (мейманхана кешені) болады, оның негізгі міндеті - Мәскеу қаласына келген Қазақстан Республикасының үкімет және ресми делегацияларын, бірінші кезекте Үкімет мүшелерін, Жоғарғы Кеңесінің депутаттарын және басқа ресми адамдарын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлерін, азаматтарын орналастыруды және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

15. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Өкілетті өкілдігінің (Елшілігінің) мәселелері" деген 1993 жылғы 18 қаңтардағы N 38 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі